

Ішкі ой

Қолын алдым ақын аға Әбілда,
Елу жасқа келген кезде алдыңда.
Бір топ ақын дүркіретті өлеңдер,
Қала алмады бала көңіл жадымда.

Бізде келдік сол елуге еңселі,
Сөз айтамыз көтеріп-ақ еңсені.
Жастық шақты жалт қаратып ойлантып,
Ей достарым, жолға салып көрші енді.

Тоқта, тоқта, сәл кідіріс, іркіліс,
Болу керек адамдарда сілкініс.
Өмір мынау қарбалас та, қапылыс,
Тұсау салу, шідер үзу бұлқыныс.

Біреулер жүр сөздер айтып жаттанды,
Амалдап жүр атақ алып мақтаулы.
Біреулер жүр анық басып ақырын,
Сырлы мінез, сымбат көңіл сақтаулы.

Мен өзіңе сыр айтайын алдыңда,
Құлагерге қамышыны салдырма.
Қику салып өз бәйгесін алсын бір,
Бәйге жолды жаралама, ор қылма.

Ақ тілектер бізге болсын сая-бақ,
Жар қабаққа келіп қаппыз таяп-ақжүрейінші жағалап

1970 ж

Сырғаңнан сылдыраған үн келеді

Жүректі тербетеді ағын жүріп,
Барасың бір өзіңе табындырып.
Жүрсеңде көз алдымда ырғатылып,
Шөлдетіп барасың-ау, сағым қылып.

Кішкене жүрегіме мұң келеді,
Мұңымменен жансарайым гүлденеді.
Осылай ой толғақта жүргенімде,
Сырғаңнан сылдыраған үн келеді

Білемін мұңдарыңды, тыңдарыңды,
Өзіме айтып берем нұрлы әнімді.
Әзірге сен бір жұмбақ шешілмеген,
Ұғынта алсам болды сырларымды.

Сенімен күн шуағым көркем екен,
Періште ақ көңілмен келсең екен.
Нәрін сез гүл бақшаны аралада,
Мен сені еркелетем, ертегі етем.

1987 ж

Қамықпашы

Мейлі желпін, серпілде,
Не айтсаңда еркінде.
Кінә тақпа арманға,
Күйе жақпа сол күнге.
Сырлас түнді еске алсаң,,
Лағынат сөз келтірме.
Қара жерді құшақтап,
Өлмеші, сен өлтірме.
Қамықпашы, қиналма,
Қайрат, күшті жина алға.
О, дүниені ойлау бір,
Ағаттығың жалғанда.

1994 жыл

Қос келіншек

Ақын шіркін, аңғал ғой нағыз халық,
Сүңгиді теңіздерден лағылды алып.
Берешегін берерде қиналады,
Күлімдейді тұрғанда, қарызды алып.

Қос келіншек, қос қызғалдақ ырғаласың,
Жайдары мінездері нұрланасың.
Кеңейткен жұпар иіс тынысыңды,
Өппесең қызғалдақтан құр қаласың.

Отты өлең өршіп барар өздеріңе,
Ағаттық болмасыншы сөздерімде.
Қалайша, үн қатамын, тіл қатамын,
Қос бейне ою салды көздеріме.

Жырлаймын шамам келсе өрнектетіп,
Кетпесін жүздеріңнен көрнек кетіп.
Елітіп, есеңгіреп мен барамын,
Тек қана жүрмеңдерші желдеп кетіп.

1998 ж

Сырымды айта алмадым

Айта алмадым, сырымды айта алмадым,
Осы болды-ау көңілді қайтарғаның.
Дірілін ділмар тілек сездің білем,
Ботадай желідегі жаутаңдадым.

Жаутаңдадым сезімің отты келді,
Сөнбеді үмітімнің шоқты лебі.
Ақ тамақ, айшық келген аршалы төс,
Аңызак шөлім болып кептіреді.

Иілмей қайтпайтығын қайсарлығың,
Шешуін таба алмады тайсалды үнім.
Бірбеткей өр мінезің кете барды,
Жеңіліп қала берді жайсаңдығым
Арайланып шуақтанып

Арайланып шуақтанып айтшы күнім,
Мінездің бере көрме тапшылығын.
Қаңқу сөз қаңғалақтап кетсін ұшып,
Көршімнің көрсем деймін жақсылығын.

Көршімнің көрсем деймін жақсылығын.
Беттері ашылмасын ащы күннің
Өркені түйнек салып піссін жетіп,
Түбіне балта шаппа жас ғұмырдың.

Түбіне балта шаппа жас ғұмырдың,
Сөзіне ере көрме қас зұлымның.
Анамның ақ сүтінен келген ақыл,
Ер мінез туын жықпа жас ғұмырдың

Қыздар ғашық болмасын ,қыздар ғашық

Қыздар ғашық болмасын ,қыздар ғашық,
Ыстық лебі тез жетер жылдамдатып.
Көңілдің қызғалдағын қылаулатып,
Мөлдір шық,көк шалғынға бір аунатып.

Мөлдір шық,көк шалғынға бір аунатып.
Қыздар ғашық болмасын ,қыздар ғашық.
Тырна келген секілді көктемдегі,
Ала кетер өзімен тыраулатып.

Сұмбіл шаш, қос бұрымын сылаңдатып,
Бара жатыр дүние думандатып.
Бір жүрек әндетеді сырнайлатып,
Бір жүрек мұң шағады қыраулатып.

Қыздар ғашық болмасын ,қыздар ғашық,
Ыстық лебі тез жетер жылдамдатып.
Көңілдің қызғалдағын қылаулатып,
Мөлдір шық,көк шалғынға бір аунатып.
Қыздар ғашық болмасын ,қыздар ғашық,

Сыр мінезді Сабира

(С.Майқанованың 90 жылдығына)

Қазақтың күрескері, білекті елі,
Сырындай ағысты екен жүректері.
Самғайды шартарапқа қанат қағып,
Сары ауыз, балапандар, түлектері.

Бұлтты күн жорғалайды ұрланып ай,
Иірім күй шертеді ырғалып-ай.
Жігіті пәк келеді ақ қайыңдай.
Аруы мың бұралған сыр талындай.

Мінез бар алай-түлей желдетеді,
Артынша жайма-шуақ тез келеді.
Құйыны ұшқындатып көкке жетсе,
Ақ жауын төпелетіп селдетеді.

Еңбекшілер ер мекені, ел мекені,
Еңбекпенен боз баласы ер жетеді.
Ән болған сыр сұлуы көркем қыздар,
Сүйріктей сүйкімді боп бой жетеді.

Бой тұмар, бар ғашық ән тербетеді,
Сырымның бір өзіңде келбеті енді
Тоқсаның Сабира апа құтты болсын,
Төріме, құс мамыққа төрлет енді.

2003 ж

Бір сезім

Билеп алды әсем сұлу сыйластық,
Сәлем түзу, байқалмайды қиғаштық.
Бата алмаймыз сыр ақтарып айтуға,
Іштей ғана сезіледі қимастық.

Өлең шіркін жан-саямды ақтарды,
Қарсы алар күн болар ма екен Ақ таңды?
Сен бір Гәкку, әнші болып шырқайын,
Ал ақыным, домбыранды тарт кәні.

Сол бір кеште билегенді ұнаттым,
Үтірі кім, нүктесі кім, сұрақ кім?
Ерке лағын құралайдың ұстауға,
Сен байқамай, мен байқадым құмарттым.

Домбырадан бекерге әуен шықпайды,
Тоғыз перне, екі шегім нықтайды.
Қарашығым бір қадалса бұқпайды,
Мөлдір көзің кірпігімді құптайды.

2000 ж

Көктем

Көктем келді жондарыма құлпырып,
Көктем сені қарсы аламын пір тұтып.
Жер түрленді түкті кілем түсіндей,
Тамшы болып төгіледі нұрлы шық.

Сәуір мынау сәулеленген күн шығып,
Әнге тербер, кең далама гүл шығып.
Абыр-сабыр ұйқысынан оянып,
Ойнатады жан ләззатын тіршілік.

Бүршік жарды сыр бойында талды аймақ,
Қыз-көктемде кім бәйгеден құр қалмақ.
Асығады көмбе тұрған кермеге,
Арысқұмда сыр шашады қызғалдақ

Шәмші аға

Тыңдадық әнді қаншама,
Еліктеп кетіп тамсана.
Бес жылда өтті арада,
Сағындық сені, Шәмші аға!

Ананың жүзін көремін,
Мен қазақ тұтас ел едім.
«Сыр сұлу» жайнап тұр анау,
«Қайықта» жайлап келемін.

Толқыны Каспий ұрады,
Нұр шашып күнім тұрады.
Аңсадық сені, ағажан,
Бүйрегім сізге бұрады.

Көңілге қуаныш толса да,
Бақтарым болды жан сая.
Мәңгіге кетті әндерің,
Бірге бол бізбен, Шәмші аға!

Көктем –қыз, күз – жігіт

Жыл мезгілі жарасады алмасып,
Бәйге болса, ей,жігітім, алға шық.
Көкпар кетті «Құлагердің» ерінде,
Неғып тұрсың, алжасып ..!

Қалмайсың ба осы кезде қарманып,
Қалдың ба әлде қызды көріп алданып.
Аттың басын жібер енді, тұрма тек,
Бір ғашығың кез болды ма, болды анық.

Мына сөздер көпшіліктің ойы ма?
Жылт етті де сезім шіркін ойына.
Бір тебініп, сілтеп қалды қамшыны,
Жігіт тарты Сабан тойдың тойына.

Боз қырау боп бусанады бұлау жер,

Елеріп тұр көкпар алған Құлагер.
Ерлігіне мына қыздың тәнті боп,
Қол шапаттап, бас иеді, құла ды ел.

Өмір тартыс дәл осылай өтеді,
Бір қиырдан бір қиырға жетеді.
Бір жігіт, бір қыз боп тұра алмай
Бірі ата боп, бірі әже боп кетеді.

Сараланды сары алтындай жапырақ,
Құт мереке түрленіп тұр атырап.
Қызыл дәннен тау тұрғызған дихандар,
Қайыспайтын қайсар жандар, батыр-ақ.

Көктем айын теңейік біз қыздарға,
Теңемеске дайын бізде сөз бар ма!?
Ал Күз айы жігіттікті танытқан,
Құсамай ма ұланымыз ұлдарға!

Толқын

Гүлденген қыздар уағы,
Құлпырып әсем тұрады.
Толқындар толқын тұрғанда,
Бір толқын оны қуады.

Бір толқын оны қуады,
Самал боп есті шуағы.
Қаракөзден ұғысқан,
Сезімдер нәзік туады.

Сезімдер нәзік туады,
Көк құрақ жасыл бұлағы.
Толқынға жету арманы
Мойынға тақса тұмары.

Мойынға тақса тұмары,
Елітіп сонда құлады.
Алғашқы түскен мөлдір шық,

Мөлдіреп ғажап тұрады.

Мөлдіреп ғажап тұрады,
Кім екен бұған кінәлі.
Сындырып алмай көңілді,
Тілдессең болды құмары.

Тілдессең болды құмары,
Естісем екен бұл әнді.
Ақ ұлпа болып көбелектей,
Жуып өт менің күнәмді.

21.09. 2004 жыл

Достарды сағыну

Қандай қымбат достық пенен балалық,
Тұсау кескен естен әлі ала жіп.
Міне есейдік, көркем жігіт, әсем қыз,
Артқада бір, ойланып біз қаралық.

Кластастар қайдасыңдар келіндер,
Келіндер де, той-тамаша көріңдер.
Сағындырған, сағым қуған күндерді,
Ән-жырменен көмкеріңдер, төгіңдер.

Он жыл болды ұямыздан үшқалы,
Сіздер берген ақыл-кеңес ұшталды.
Дидарласып, сәлем беріп келдік біз,
Ал қызыл гүл құшағына құшқаны.

Адамдарда болады екен іркіліс,
Адамдарда болады екен сілкініс.
Жеткізбейді өмір шіркін, шолақ тым,
Ой толқытар батыс пенен күн шығас

Бір алланың болады екен алды нық,
Біреулерді жаратады малды ғып.

Арамызда бос тұр міне орны,
Асылбек пен қайда кетті Қалдыбек.

Айтар сөзім шықпай тұр-ау көрікті,
Деменіздер ой-сезімін ерітті.
Әскербек пен Ертуғандар алыстан,
Көмескі айна көрсетеді Серікті.

Басқа сөзді сипамадым, қоспадым,
Тыңдамадың, шырқалды ма басқа әнім.
Жүрсіндер ме ойнап-күліп жәннәтта,
Бағыштадым құран сөзін достарым.

Наурыз мерекесі (Мектеп қыздарына)

Көктем келді ұйқы-тұйқы түрленіп,
Жылауық жаңбыр кемпір кейпі түрге еніп.
Жерің батпақ, күн ызғарлы әлі де,
Шешек атып кете алмай тұр гүлденіп.

Бірақ Наурыз берекелі болып тұр,
Бір басына үш мереке қонып тұр.
Құрбан айтың құтты болсын ағайын,
Жас ұрпаққа тәрбие бер, соны ұқтыр.

22-сі жаңа жылың жарылқа,
Көңіл шіркін, арқа-жарқа ақ ұлпа.
Қызыр баба батаңды бер еліңе,
Жыл аралап, келдің міне сағынта.

Ер-азамат ойлайтыны ел қамы,
Аққу-қазбен шу көтерер көл тағы.
Ал бүгінгі ерекше бір желпініс,
Әппақ көңіл әйелдердің мейрамы.

Аман болсын жүзігі мен алқасы,
Кең пейілді маңғаз керім марқасы.
«Оқ жонғаның», «тон пішкенің» бүгінде,

Ей, адамлар, аналардың арқасы.

Мен де сөздің ырғақтарын бұзбадым,
Тек сыйлыстық татайықшы тұз-дәмін.
Қарындасым, жеңгелерім, жиенім,
Келіндерім, есен болсын, қыздарым!

2001

Жаңа ғасырға жана тілек

Шын көңіл ақ жүрекке ерік бердім,
Мен бүгін болашаққа сеніп келдім.
Жаңа жыл, жаңа ғасыр құтты болсын,
Көк тулы, көк күмбезді көрікті елім.

Бұл ғасыр берері мол қадамы нық,
Еркелеп ағып жатсын таза бұлақ.
Өткенге өкінбейік, тарих шындық,
Мән-жайды білсең болды таразылап.

Жыл жетіп, жыл артынан көсіледі,
Тек жүрсең теріп жейсің несібеңді.
Аман боп ұрпағымыз гүлдей жайнап,
Тербелсін бүлдіршіндер бесігі енді.

Еркіндік, еңсем биік дараландым,
Тұяғын тұлпарлардың тағаладым.
Биік шын, теңіз, дала ұрпағымыз,
Батасы қабыл болсын бабалардың.

Кел бүгін, дастарханда көңіл шашыл,
Па, шіркін, өтті, кетті небір асыл.
Шүкірлік өткен жолға берсін таулық,
Дәм-тұзын таттық бүгін екі ғасыр.

Көгершін қалықтады ұшты арманым,
Мерейі үстем болсын ұстаздардың
Жол сілтеп келе жатыр қазағыма,
Найзасы Абылайдың ұшталған күн.

Бесіктегі бөпеге ән айналсын,
Жаңа жылға жаңа ғасыр арайлансын.
Бұл ғасыр жұмбақ ғасыр шешуі жоқ,
Шаршайсың, шалдығасың талайға сын.

Арнау

Жеткізеді жаңа ғасыр жақсылыққа,
Не жетсін бұл өмірде баршылыққа.
Кіршіксіз аппай қардай көңілдерім,
Қалайын жұмыртқадай аршылып та!

Жарасар ағайындық сіз бен бізге,
Жорғасын жорғалтайық көңілді ізге.
Гүл шоғын алып келсең Қаратаудың,
Сұлу Сыр сылаң қақты көңіліңізде.

Мұнайлы өлкем бүгін ән ақтарды,
Елімнің егемендік таңы атқалы.
Бір сұлу сыр бойында жүрсе егер,
Бір сұлу теріп жүр ғой ақ мақтаны.

Көрші ауыл достық жатыр арасында,
Күріштен алқа-моншақ тағасың ба?
Шәмшінің әндерімен оянамын,
Арыстың қол бұлғаймын жағасында.

Жылы леп бір өзіңнен нұр құшқанмын.
Гүл шоғын бір өзіңмен бір ұушқанмын.
Киелі әруақтар бас қосқан жер,
Сәлемін әкелдің бе Түркістанның.

Жүр еді, Шымкентте бап табылмай,
Ақ мақта қауызын ашып ақтарылмай.
Жас маман, білгір басшы тізгін ұстап,
Айналды ел-жұртымның мақтанына-ай.

Сыр бойы Байқоңырдай күш алғанбыз,

Жарасты достығымыз, дәм-тұзымыз.
Қош келдің қой қоралас, ел аралас,
Ағайын сізге ашық құшағымыз.

Мерекеге тілек

Құдайым, берсін бізге берекесін,
Қастерлеп, үкілейік ел еркесін.
Жігіттер, қозғалып қал тамашада,
Қыздардың тойлайық бір мерекесін.

Сөйлеген сөз бүгінде нықты болсын,
Достығы қыз-жігіттің мықты болсын.
Ер жігіттер атынан тілек айттық,
Мереке, бүгін думан құтты болсын!

Жарқырап отырсындар самаладай,
Сөз тумас өздеріңді жағаламай.
Тек сұлу Қараөзекте, дәл мектепте,
Қалықтап жүріңдерші шағаладай.

Адамға ой салады кейбір кездер,
Айтылсын жақсылыққа шәрбәт сөздер.
Жүре бер ортамызда есен-аман,
Ай қабақ, оймақ ауыз, мөлдір көздер.

Келінге өсиет

Той болды келін келіп ауылыма,
Бет ашып бермек болдым қауымыма.
Ойқастап өлең сөздің патшасымен,
Жел бітер қозғалмалы жауырынға.

Мереке, шаттық, думан болсын қолды,
Болмайды бұған бөгет дауылыңда.
Жиналған ағайындар құлақ салшы,
Қызықтың болады бәрі мұнда.

Ұғып ал айналайын, қарылғашым,

Басыңнан бақыт құсы арылмасын.
Үйіңе қонақ келіп топырласа,
Көңілің әсте қалқам тарылмасын.

Ызылып ізетпенен жүргеннен соң,
Сыйласқан құрметпенен табыларсың.
Он саусақ бәрі бірдей өскен емес,
Ақ жарқын мінезіңмен таныларсың.

Біреудің шайпау сөзін неғыласың,
Алғыс ал көтергенше тағынарсың.
Ізетпен үлкендерді сыйлап жүрсең,
Бір күні шал - кемпірді сағынарсың.

Ауылмен кәне бүгін танысайық,
Жүйріктей наурыз тойда жарысайық.
Кім білмейді ауылым Жаңарықты,
Жанарың бүгін мүлде жаңарыпты.
Аудандық, облыстық газеттерден,
Оқисың біз туралы жаңалықты.

Ақ жарқын адамдардың көңілдері-ай,
Сыйласып, құрметтейтін сана мықты.
Туған жер топырағы гүлдеп жатыр,
Майталман тәрбиелі сан алыпты.

Бірлігі жарасады Жаңарығым,
Өзгеше бүгін сенің даралығың.
Тұсауды кесіп бүгін жіберейін,
Жолыңа басқан сенің қадамыңның.

Білеміз келген сенің босағанды,
Бақ-дәулет босағадан босамады.
Келгесін бір адамы өзің болып,
Ауылдың тілектері қос ағарды.

Қуаныш бір өзіңнен тосады әлі,
Баламен өміріміз жарасады.
Келешек бала бақыт өміріміз,

Болма сен сол әйелдің қашағаны.

Елдің де: атасы бар, ағасы бар,
Ауылдың әжелері, апасы бар.
Көлденең кесіп өте үлкен жолдан,
Үлкеннің сәлем беріп батасын ал.

Абысын ақыл айтса ықласпен,
Демеймін келін шырақ шатысып ең.
Ақ жарқын өнегелі абысынның,
Сәлем бер мұның дағы батасын ал.

Қадамың құтты болсын игілікті,
Күйеуің ақ жүрекпен сүйді мықты.
Не айтам бұдан артық енді саған,
Келін бол халықыңа тыңғылықты.

Туған жер төсі аялы,
Жыңғылы, талы саялы.
Ұрпағын жалғап келеді,
Қозысы мен Баяны.

Ғашықтық тілі –бал дәурен,
Тербеткен бесік-ән дәурен.
Лүпілін жүрек оятқан,
Жұптары жарқын –сал-дәурен.

Қызғалдақ гүлдер аяулым,
Арманы болған талайдың.
Аруы ауыл-аршын төс,
Сіңілісіндей Баянның.

Болмасын әсте қаяу Күн,
Оранбасын жанар мұң.
Қайғысы бермей қасірет,
Мөлдірлігін берсін Баянның.

Көз тастап Қозы аялдар,
Қоштасар сәтте таң алдар.
Қодарын қарсы кез қылма,
Бой жетсін сұлу Баяндар.

Туған жер, елім –қолқанат,
Айналдым сенен ақ қабақ.
Аққулар жүзсін көлінде,
Басымды идім мархабат!

2002 ж

Бесік жыры

Өмір қандай келешекпен бақытты,
Байқамаймыз сырғып өткен уақытты.
Бесігімде тербетілген болашақ,
Шақырады ұлы думан шаттықты.

Ұлылықтар шыққан осы бесіктен,
Ана әлдиін жылағанда есіткен.
Түбек, шүмек, ақ мамығы, көпшігі,
Үкілеген ақ бесігін көріп пе ең?

Бесік жыры тербеле бер әндеткен,
О, бөпешім, кезермеші шөлдеп сен.
Анаң отыр ақ сүт беріп аймаалап,
Аман болшы арам ойлы тіл көзден

2003 ж

Бала тілі

Туған ел тұғырым ең, нұр таңым ең,
Өзіңе тұмар етіп, жыр тағып ем.
Ұлықпан да мың жасап кетті өмірден,
Өзінің болашағы ұрпағымен.

Жанұям бақытымсың-болашағым,
Ұрпағын жетеледі қара шалым.
Өмірде алыс-беріс қызу сауда,
Менің де бар екен-ау алашағым.

Күтемін ертеменен таңа таңын,
Балаларым жас қанат –балапаным.
Үмітпен үңілемін көкжиекке,
Қонағы боларсыңдар сан отаудың.

Ай болып Отан болған жарасымды,
Қолдасын туған елің алашыңды.
«Балалы үй базар»-деп атаң қазақ,
Мереке алып келсін бала тілі.

2005 ж

Абайды сағыну

Сөздерің естілгендей жаңа ғана,
Жаңғырық таралған –ау далама да.
Жүздесіп өзіңменен тарқап едік,
Қайдасың, қайда кеттің Абай аға.

Аралап елді мына қалаға да,
Барасың ұқсап биік самалаға,
Жырлаған жыл мезгілін өзгеріп тұр,
Қайдасың, қайда кеттің Абай аға.

Сағындық қам көңілді жаралама,
Ұмтылып талпынамыз саналы алға.
Соқтықпалы, соқпақты жеріміз бар,
Қайдасың, қайда кеттің Абай аға.

Қысып тұр халқымызды нарық баға,
Өзің шеш таразыла, анықта да.
Саламыз әндеріңді, күйлеріңді,
Қайдасың, қайда кеттің Абай аға.

Қарашы егеменді халқыңа да,
Мыңы жез, бір өзіңсің алтыны, Аға!
Бер батаңды ұрпағың сұрап отыр,
Баяғы шапан киген қалпым ,Аға!

2004 ж

Тәуелсіз елдің ұланымын

Желтоқсанда сексен алты ызғарлы,
Кім жанбады, кім ұлтына қызбады.
Жас қазақтың жалын атып жігері,
Тамды қаны өртке оранды мұздары.

Елемеді салт-дәстүрді, жұртымды,
Бүтін жаға бірақ сәтте жыртылды.
Кремльден келген шолақ саясат,
Менсінбеді қазақ деген ұлтымды.

Ата-бабам бостандықты аңсаған,
Көз жіберсем кейінгіге таң қалам.
Қаратаудан «Елім-ай» деп шуласып,
Қайран елім зарлатып бір ән салған.

Мен елімнің ұрпағымын, салтымын,
Мың мәрте де тұншықтым мен алқындым.
Асан қайғы жер ұйықты іздеген,
Тәуелсіздік арманы еді халқымның.

Біле білсең қазағымда айбат бар,
Қызыл тілім осындайда сайрап қал.
Желтоқсанның батырлары бүгінгі,
Лаззаттар мен ерен батыр Қайраттар.

Бүгін біздің өрлеп тұр ма бағымыз,
Оянды ма ұйқыдағы санамыз.
Желтоқсанның шыңдығына жете алмай,
Мұхтар сынды шарқ ұрады ағамыз.

Тәуелсізбін ел таңбам бар, туым бар,
Ел қорғауға жас ұландар тұрыңдар.
Ән ұранды асқақататам шарқаймын,
Мен секілді қайсар, өжет ұлың бар.

Мерекеге толсын менің әр күнім,

Өз еліме жетіп жатыр байлығым.
Мұнайлы өлке шалқып жатса Каспиім,
Толар әлі ару Арал айдыным.

Жаңалықты естіп келем күніге,
Әлем менің қызығады үніме.
Қасиетін біле алмаған ноқайлар,
Бөгет болмай әрі тұрсын тіліме.

Сарыарқадан мен әлемге қарадым,
Қарадым да төрт бұрышқа таралдым.
Тыныштығы, бірлігіммен халқымның,
Болашаққа қол созамын нәр алдым.

Болашаққа қол созамын нәр алдым.
Нық басылып келед менің қадамым.
Қазақ деген ел боламын қонақжай,
Төріме шық, адал болсаң қонағым.

2004 ж

Екі ғасыр

Кел бүгін дастарханға көңіл шашыл,
Па,шіркін, өтті-кетті небір асыл.
Шүкірлік өткен жылға, берсін таупық.
Дәм –тұзын таттық міні, екі ғасыр.

Бөпеге бесіктегі ән айналсын,
Жаңа жыл, жаңа ғасыр арайлансын.
Бұл ғасыр жұмбақ ғасыр шешуін тап,
Шаршайсын,шалдығасың , талайға сын.

Қазағым, білем сенің күшті арманың,
Мерейі үстем болсын ұстаздардың.
Жол сілтеп келе жатыр адаспастай,
Найзасы Абылайдың ұшталған күн.

2000 ж

Ата-анаң, ұстаз, мектеп

Адам етіп ептеп,
Кемістігіңді септеп
Біле білсендер жігіттер,
Ол –ата-ана,ұстаз, мектеп

Жүргендерің көктеп,
Ұрпақтарым көп деп.
Біле білсендер қыздар,
Ол –ата-ана,ұстаз, мектеп

Мақсатыңа жет-деп,
Қалмасын деп шеттеп.
Бата берген сендерге,
Ол –ата-ана, ұстаз, мектеп

Елімнің қасиетін

Елімнің қасиетін ұға алғамын,
Қиындықты көтеріп тұра алғанмын.
Пешенеме жазылған іс тындырып,
Құлы болып келемін бір Алланың.

Жақсының шаттығымен нұрланамын,
Қарлыққан қыңырларға қиналамын.
Ұл-қызым ,немере мен келіндерім,
Барсы осы,бұл өмірде жинағаным.

Сал-сері беріп кеткен сыйлап әнін,
Ұлымын Сыр бойындай күй даланың.
Елудің ортасында тұрсақтағы,
Мен сенің еркелеткен бір балаңмын.

Туған жер

Ақжарқын, абыройлы, саналы кім?
Жаралы кірбің қабақ қаралы кім?
Бәрінің тауқыметін біліп жатсың,
Жансаям, туған жерім Жаңарығым №

Өмірдің арқау еттің тазалығын,
Бал дәурен көз алдымда балалығым.
Тілім мен ділім қайта жаңғырған соң,
Мешіттен қарсы аламын азан үнін.

Көрсетпе адамдардың алалығын,
Түлеген елді мекен, қала бүгін.
Төсіңді қайта идірші қасиетті,
Ақ маңдай, көк күмбезді Жаңарығым.

Қанаты талмай ұшсын қырандардың,
Сейілісін өткен заман тұмандарың.
Тік ұстап көк туымды желбіретер,
Ер жетсін балғын сәби ұландарың.

2000 жыл

Бір күш бар жанарыңда

Қылаң беріп, қиғаштап асыл мұңнан,
Неге қалды шырқалған басылып ән.
Әттең қиын сыр сандық ақтаруға,
Бір күш бар жасырынған жанарыңда.

Ай сәуле тұнық сезім жырлағасын,
Мөлдір моншақ сылдырын тыңдағасын.
Қалайша тілегімді жеткізермін,
Жеткізер ой-сезімді ұрлағансың.

Тылсым күш, бір сәт қалам адасып-ақ,
Қан тамыр тербетеді таласып-ақ.
Ішінен бір топ аққу көгілдірсін,
Тұрады сұлулығың жарасып-ақ.

Бал бұлақ лайлама сүзілмеген,
Арқауы өрмек тордың үзілмеген.
Соқпағы басқалардың шатастырар,
Келемін өзім салған ізімменен.

Келемін өзім салған ізімменен,
Мен сені күнім дер ем,гүлім дер ем.
Меккеге сапар шегіп не қылайын,
Зәмзәм су сенің ғана тілің дер ем

1985 жыл

Гүл қыздар

Қыздар ғажап алқызыл гүл, көк гүл ме,
Ал гүлдерің бөлінбей ме көп гүлге.
Жігіттер жүр жұпарына елітіп,
Гүлдер іздеп, қырға шығып кеттің бе?

Қадам бассаң ырғалады кіл алдан,
Кірпік гүлдер- қос жанарың шырағдан.
Дер кезінде өбе білсең мәпелеп,
Бал сезімді шығарады құмардан.

Әсем ғана әндетесің үнменен,
Жігіттердің жұмбағы екен гүл деген.
Сансыз баяу сабағына ілінген,
Жұлдыз көрем, сәулелі ай, күн көрем.

Қаптап өскен гүлдер біздің қыратта,
Таптама оны, үзіп-жұлып құлатпа.
Адастырар қос ғашықты жұптасқан,
Әлдилейді алтын кептер жырақта.

Иә, досым, бұл сезімді мін көрме,
Қыздарды біз теңеп жатсақ гүлдерге.
Қыз –дегенің қызғалдақ қой көктемгі,
Түкті кілем төсеп қойған белдерге.

Бұл гүлдерде ұяң ғана күліс бар,
Қан тамырды дір еткізер иіс бар.
Достық сезім тасасында сүйкімді,,
Үлбіреген мөлдір моншақ сүйіс бар.

Сол күлісті ұмытпа сен қолдауды,
Сол иісті біле-біл сен қорғауды.
Өз гүліңді таңдай білсең,кәнекей,
Махаббатта ала білдің олжаңды.

6.03.2004 жыл

Сен туған күн

Шаттық ләззат себелеген маңайды,
Сәулеленді қос жүректің алауы.
Сен туған күн мамыра жаз тым әсем,
Жадыратты мөлдір шықтай жанарды.

Жадыратты мөлдір шықтай жанарды,
Саусақтармен қара шаштар таралды.
Жиде иісі жүректерге ұялап,
Қимастықпен тарастық біз таң алды.

Мұңдарыңды ,шындарыңды көп айттың,
Көп айттыңда төзімді ояттың.
Сырымызды, шынымызды тек үнсіз,
Тыңдап жатты, ұрлап жатты болат түн.

Тыңдап жатты, ұрлап жатты болат түн,
Ну құшаққа еліктірдің ояттың.
Жұдырықтай жұлдыз болып тұрармем,
Әттең өмір қысқасың-ау шолақ тым.

1985 жыл

Гүлденген елім бүгінде

Кемелі келді түріне,
Кім бас имес еліне.
Қасиетті Қараөзек,
Гүлденген елім бүгінде.
Талпынға өмір-өзенге,
Жақсылық ылғи сөз ерген
Бірінші ауыл атану
Қиындау сонау кезеңде.
Әбілда ақын туған жер,
Айманкүл белін буған жер.
Әр белесін тойлатып,
Өнер-сауық қуған жер.
Қаламына бастау ап,
Асқар ақын апталап.
«Нөкерлерін» ерітіп,
Кететін ылғи мақтау ап.
Дәуітбаев Есентұр,
Саңылағы десең бір.
Соғыстан жазған жырлары,
Кітапқа шығып есен тұр.
Ахмет аға Халықов,
Ел бейнесін жаңғыртып,
Еңбек Ері атанды,
Республиканы шаңғытып.
Сөйле десең, тағыда ,
Ілеспей қалар шаңыма.
Арысқұм мен Құмкөлім,
Қойнауы толған қазына
Жігерлі ылғи жастары,
Аман болгай бастары.
Кемшілікті болдырмай
Алатын көп асқары

Туған жер төсінде

Кіндік кескен туған жер Жаңарығым,
Менің көп айтар бүгін жаңалығым.
Жырықта сәл азырақ жүріп қалсам,
Көргем жоқ сендей ыстық жер алыбым.
Түлесен жылдан-жылға мен мұңдалап,
Мен сенің қарашығың, жанарыңмын.
Шықса егер сан жүйріктер жүлде алған,
Мен сенің қуантарлық қадамыңмын.
Мен сенің қол балаңмын, адамыңмын.
Ойқастап өлең жазсам сен туралы
Ұшысың ойы ұшқыр қаламымның.

Ат қылып тал шыбықты бала кезден,
Бала едік жалаңдаған дала кезген.
Ұрысып әкең жатса сәл кешіксең,
Сүйеді шешең байғұс қара көзден.
Ауылдың болашағын ойлап өстік.
Балалық сол кезден –ақ сана сезген
Бүгінгі қуанышым сыймай жатыр,
Жеткізе алар ма екем ғана сөзбен.

Тоқтар Әубәкіровке тілек

Мен саған үзік қана сыр артылдым,
Болмай тұр бұл күндері сырға тыным.
Батырлыққа жатса егер-ақылдылық,
Елі бар мұны дағы ұғатұғын.

Білемін ел алдында салмағыңды,
Сен ғарышта байқадың, тандар күнді.
Сарыарқа, Жетісуым, Каспийім –деп,
Аралға салып тұрсың ұраныңды.

Әлемді доп-домалақ көрмедің бе?
Айта алмай тұрған сөз көп көмейімде.
Алтайдың табиғаты ару еді,
Бұл күнде тозып кетті-ау Семейінде.

Мына жер бабалардың жері емес пе?
Батырлар қол бастаған ел емес пе?
Ал, халқым, қолда ұлыңды, бер батаңды,
Абылай батырлары тең емес пе?

Халқым сендерсіңдер –даналарым,
Осылай сөз маржанын сараладым.
Ұлдарың батыр болсын десең егер,
Тоқтарды мен осылай дараладым.

27.09.2001 жыл.

Тоқтар Әубәкіров Сыр елінде

Жүрегім туыс менің жүрегіме,
Халықпен бірге сенің тілегінде.
Дәм-тұзы тартты өзінді ықыласпен,
Қош келдің, батыр Тоқтар Сыр еліне!

Өжетсің, жыға аласың алысқанда,
Елімнің аты кетті алыстарға.
Бата алып Байқоңырда бақ сынадың,
Қазақты ізі қалды ғарышта да.

Кеудеңде жұпар шашты гүл шоқтары,
Халқыңның саған ашық құшақтары.
Басқа ұлтқа бағынбаған, сыр ашпаған,
Бас біліп қалды орыстың ұшақтары.

Сөздері шашу болсын ақындардың,
Ақ алмас қынабында жарқылдадың.
Елімнің қамын ойлап, жоғын жоқтау,
Қолында біле білсек батырлардың.

Сарыарқа сусындадың самалына,
Көз салдың сұлу Сыр мен Аралыңа.
Ақ тілек, ақ жолыңа арқалайтын,
Нұр жаусын елім деген талабыңа.

Нұр жаусын елім деген талабыңа.
Жұртыңа жадыраған қара мына.
Еңселі ел болайық, ел сыйлайтын,
Көбейсін батыр ұлдар қазағымда.
Гүл бітсін басқан сенің қадамыңа.

Туған жер туралы толғау

Елім, жерім, кең байтақ көсіледі,
Теріп жүрмін, маңдай тер несібемді.

Жадау жатқан жайдақ жер жер гүл ашады,
Қададым көк туымды төсіме енді.

Сыр толы жусан жерде ырғалады,
Шопанның естіледі қырдағы әні.
Мереке, шаттық бүгін, шалқар көңіл,
Қалайша ақын көңіл құр қалады.

Шер төгер, әр адамда болар арман,
Сеніммен алға қарай бастық қадам.
Елімнің егемендік, бостандығы,
Арманы орындалды ата-бабам.

Елімнің мақтан тұтам салтанатын,
Ұлылар берсін маған махаббатын.
Дұшпанның іші күйіп қызғанады,
Достарым болып алды тамсанатын.

Ақ маржан «Сыр сұлуы» абыройым,
Шуақты таңдарымды атырамын.
Елімнің тұтастығы маған қымбат,
Береке, татулыққа шақырамын.

Қиындық көтеремін біраз күнгі,
Өйткені ер жігіттер тұр айбынды.
Кешегі құм суырған сағым дала,
Еселеп беріп жатыр мұнайымды.

Қарттарым аман жүрші даналарым,
Ақ сүйрік мен боламын балаларың.
Гүл жайнап құлпырады алауланып,
Ауылым, Қызылорда, қалаларым.

Көш шықты жан-жағыңа қара бүгін,
Көп екен айтар сенің жаңалығың.
Туған жер түтіні де тәтті болар,
Жайнай бер, жаңара түс, Жаңарығым!

08.06.2006 жыл.

Сыр ұқтым

Күлкіңнен сенің жыр ұқтым,
Әсерлі сөзді ұғынттың.
Өзіңдей әсте сұлу жоқ,
Әсем көздеріңмен жылыттың.

Бақытың сенің алдыңда,
Таң қалып маған қалдың ба?
Арманым болмас егерде,
Созылды білек талдырма.

Өмір дегенің жұмбақ па?
Жауап та қиын сұраққа.
От шашып тұр ғой жанарың,
Тілегін Аға құлатпа.

Өзіңмен жүрсем сырласып,
Күлкілер тұрсын жарысып.
Жетелеп мені келеді,
Өзімнен бұрын жыр ғашық.

Айналдым сенің үніңнен,
Жүрейін сені күнім-деп.
Артық та кетіп қалмайын,
Сүйсем де болды-ау тіліңнен!

2004 жыл.

Менің нұрлы күнім

Шаттан, қуан қазағым, келді күнің,
Таныды әлем халқы мені бүгін.
Көгілдір көк күмбезді Түркістанның,
Тойында желбіреді ұлттық туым.

Құтты болсын бостандық туған күнің,
Қазақ тілім ұясы өлең-жырдың.
Болашаққа нық басып келе жатыр,
Ұрпағың, сенім артқан қыз бен ұлың.

Жалындатып келемін жастығымда,
Бауырлас досын елім тапты бүгін.
Айналдым қонақ жайлы мінезіңнен,
Бұзбаған салтым менен дәстүрімді.

Бұзбаған салтыменен дәстүрімді,
Құшағын ағайынға ашты міне,
Татар, башқұрт, өзбек пен қырғызымды,
Байқап көр, мызғымастай достығымды.

Ән –ұран шарықтай бер нұрлы – әніміз
Жұлдыз боп шашу шашты нұрларымыз.
Бір туған түркі тілдес бауырларым,
Бір ата тараған бір ұлдарымыз.

Татар-башқұрт қазақтың ауылдасы,
Бірі –аға, бірі-іні бауырласы.
Достығы бар халықтың ғұмыры ұзақ,
Елімнің құтты болсын тоғыз жасы.

Ер Түріктей ұл тапқан –қайратты ана,
Қазақстан-гүлстан байтақ дала.
Мерекең мерейленсін шапағатты,
Жібек жолы бастасын аймақтарға.

Көктем – махаббат

Көктем лебі соғады самаладай,
Жайдары жадырайды дала қандай.
Мен саған ғашық едім-қыз көктемім,
Өрілген қыздың шашы таралғандай.

Өрілген қыздың шашы таралғандай,
Бір сезім жүрегіме қамалғандай.
Мен саған ғашық едім-қыз көктемім,
Табасың маған енді амал қандай.

Қыздарды қызғалдақ па деп қаламын,
Қызғалдақ гүлдер менен отқа орандым.
Жалынын шіркіндердің қайтем енді,
Бір түбір қызғалдақтан ап қалайын.

Төрт мезгіл жыл маусымы өткенімен,
Келемін қилы-қилы өткелімен.
Не деген иісі жұпар еліктірер,
Есті алып еркелетер көктем деген.

Сан гүлдер қырқаларда ырғалады,
Қыз-келіншек сыңғырлайды сырғалары.
Күз кеткен ғашық болып оралдың ба?
Серттескен махаббатың тырналары.

Қол жетпес көгімдесің

Сен неткен төзімдісің, төзімдісің,
Сені ойласам белгілі көз ілмесім.
Сен қыз болып, мен бойдақ болсам егер,
Перденің кім айтар ед сөгілмесін.

Перденің кім айтар ед сөгілмесін,
Сен маған он сегіз боп көрінесің.
Не көрмеген бұл жүрек жұдырықтай,
Бәрі бір жайлау көңіл төріндесің.

Бәрі бір жайлау көңіл төріндесің.
Көңілдің көктеміндей өрілесің.
Бір күн шықшы қызарып, еліктіріп,
Сен ақ таңсың қол жетпес көгімдесің.

Сен ақ таңсың қол жетпес көгімдесің,
Өлең шіркін қоздайды берілгесін.
Кей сәтте найзағайсың тіліп өтер,
Нәсер болып тек маған төгілгенсің.

Нәсер болып тек маған төгілгенсің,
Бола алмайсың сен менің көңілдесім.
Қатар жүрген қос аққау бірге ұшатын,
Дем біткенше бірге бол өмірлесім.

Қалқа

Қалқаның сағынғанда салған әні,
Үзілтіп, елжіретіп толғағаны.
Сүйгені, сүйенгенін есіне алып,
Жай таппас әнге басса кімнің жаны.

Бұл әнді кім білмейді- аты Қалқа,
Қалқаны сағындым ғой айта-айта.
Тырнақтың көбегінде түк қалмады,
Күңіретіп домбыраны тарта-тарта.

Мен де жыр бар өмірлі

Алып таулар, асқақ таулар мұнарлы
Асыл таулар, жасыл таулар шынарлы.
Қапаланған көңілдерді жаңартып,
Шөліркеген қандырдың бір құмарды.

Мөлдір теңіз, сырбаз теңіз көгілдір,
Жағажайды толқыныңмен көмілдір.
Сен де сыр бар, тауда гүл бар жұпарлы,
Күн де нұр бар, мен де жыр бар өмірлі.

Ай –перде ақша бұлттар ұлпалы,
Сипап өтті төбелер мен қырқаны.
Теңіз бен тау егіздері түбектің,
Ақ жауыны иіс-суы жұпарлы.

Ақан сері

Торыны талға байлап мінген қандай,
Үкілеп желідетіп жүрген қандай.
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқатып,
Сыбанып ақ білекті жүрген қандай.

Күніне уағда еткен қалқажанның,
Жетуге ынтазар боп жүрген қандай.
Ауылы қыз қалқаның қайда екен деп,
Жүгіріп сайлау жермен келген қандай.

Атыңды бір тасаға байлап тастап,
Тұсына ақбоз үйдің төнген қандай.
Сөз салып қыз қалқаға жеңгесінен,
Құрбымен сыпайы ойнап күлген қандай.

Ишарат әзілменен тіл қатысып,
Қыз сырын жеңгесінен білген қандай.
Алуақта алабұртып тұрғаныңда,
Алдыңнан қарсы шыңса ақша маңдай.

Құрбыжан ебін тауып келдің бе деп,
Қуанып күрең түсін күлген қандай
Құрбыжан күле қарап жүр дегенде,
Ақ үйге есік ашқан енген қандай.

Жамылып екеу ара бір шапанды,
Айқасып бір төсекте жатқан қандай.
Мықынға ақ білекті артып тастап,
Тіл дәмін бір-біріңнен татқан қандай.

Сол жерде айтылмаған сыр қалмайды,
Кілт ашып, ақ сандықты ақтарғандай.
Ойыңның қызығымен білмей қалып,
Шашыратып таң сарғайып атқан қандай.

«Тұрыңыз үйге сәуле кіріпті» -деп,
Біріне-бірі күліп айтқан қандай.
Сол кезде көңіліңе түссе қорқау,
Мысықтан тышқан қорқып сақтанғандай.

Ақырын үйден шығып таң алдында,
Манағы сайдағы атты тапқан қандай.
Шылбырын сол тұсынан қызға беріп,
Шақшаны қағып-қағып атқан қандай.

Насыбай өз әлінше ол да тәтті,
Алдында қарап тұрса ақша маңдай.
Көтеріп қолтығыңнан аттандырып,
Артыңнан қарап тұрса көзін алмай.

Ойлайсың бұл дүниеде не қызық бар,
Қасынан қалқа жанның аттанғандай.
Торыны жүгіртесің көңілің қанып,
Біреуден ебін тауып ақша алғандай.

Ауылыңа өлендетіп сен қайтасың,
Бәйгеден атың озып шаттанғандай.

**Қимаймын сені қалқам-ай
(Лена Әбдіхалықоваға арнаймын)**

Сезімің сенің әндерді іздеп аңсады-ай,
Көріңдің көркем қияға біткен аршадай.
Түсінбей жүрген жаныңды адам бар шығар,
Достарға деген көңілің зәулім жан сарай.

Зәулім көңілің жан сарай,
Сандуғаш үнің асқақ-ай.
Тұңғыық терең мөлдірсің,
Қимаймын сені қалқам-ай!

Жанарың жалын, тартады бейім өзіне,
Шыдамым сынды, бата алмай бұйра көзіңе.
Идіріп жанды, күйдіріп қанды барасың,
Саз сырнай үнің сиқырлап алды деміне.

Сиқырлап алдың деміңе-ай,
Шашудай әнді төгіп-ай.
«Мұздақты күзде кез болдың»,
Жүрер ем әттең еріп-ай.

Жадырап жаздай, құшағың кеңге ашылды,
Пейілің дархан туымдай ұлпа жасыл-ды.
Еліңе сенсең ерке қыз етіп көтерер,
Мәпелеп күтер тұлпардан қалған асылдай.

Тұлпардан туған асылды-ай,
Екпінің ұшқан жалынды –ай.
Аптабың ыстық шыдатпас,
Шөлеркіп барам қасыңда-ай.

4. 06.01994 жыл

Отбасы, туған-туысқа арналған өлеңдері

Әке

О, әке, бүгінде тағатым жоқ,
Жоқсың сен,
Мен қалдым қанатың боп.
Кімге барам, мұңымды
Кімге шағам,
Ұзақ жол жеткізбейді
Баратын көп.

Кейде асыр салар, толады ішім,
Қайта кеп тұғырыңа қонармысың.
Селдіреп ақ сақалың ғайып болды.
Рухың тірі әлі соғармысың.

Тамшы боп шатырыма тамасың ба?
Тәң сәрі тереземді қағасың ба?
Маңдайың бейнет көрген қыртыстанып,
Ұрпақты жетеледің әр асуға.

Білемін өн бойымда арман барын,
Арзан сөз, шен – шекпенге малданбадым.
Немере-шөпшектерің құран оқып,
Жайқалып өсіп келеді ормандарың

Бауырға

Сәби едім бір кезде еркелеттің,
Еркелеттің ғажайып ертектеттің.
Мен өзінді іздеймін кәдімгідей,
Шүкір, Алла демеймін ерте кеттің.

Шүкір, Алла демеймін ерте кеттің,
Кіндіктесім, кермедей көркем еттің.
Үлкендігім менің де келіп қалып,
Ортасында ағайын төрге кеттім.

Қайғымды достар лебі таратады,
Сейілтер сезімді дала таңы,
Өзің барда жүруші едім ойланбай-ақ,
Інілердің аға екен Ала тауы.

Інілердің аға екен Ала тауы.
Қамқор болған сүрінсең алақаны.
О, тағдырым, қайтейін есейтгің Сен,
Кейінгіге көз сал деп қаратады.

2003 жып

**Тойжаның –сенің, Тоғжаным –менің
(Дүниеден ерте өткен отбасымның берекесі мен мерекесі болған
жолдасым Тоғжанның рухына бағыштаймын!**

Ғаламат еді-ау, алапат еді-ау сол жылдар,
Өмірден тәтті татушы едік балғын бал.
Жастығым менің есіме түссе айналып,
Керегі жоқ-ау, әдірем бәрің қалдыңдар.
Оқып та жүрдік,тоқыпта жүрдік өмірді,
Сүмбіл шаш қыздар моншақтай мөлдір көрінді.
Ерекше болып қазақы қалпын сақтап сен-
Боямай тұрдың қас пенен оймақ ерінді.
Естідім сонда атыңды сенің Тойжан деп,
Шілдеханада ұйғарып солай қойған көп.
Аралдан сонау сыңарын іздеп келгендей,
Қан тамырымды езгіледің-ау бойдан кеп.
Қан тамырымды езгіледің-ау бойдан кеп,
Өзгерттім сені,Абайың болып Тоғжан деп.
Аласұрған жиырма бес жылда бірге боп,
Шектің-ау сапар,отыңа қара, ойлан деп.
Алқымым менің түймелеп жүрген үзілді,
Көремін ылғи түсімде сенің жүзіңді.
Жел болып тиіп көкірегімде тұрсың-ау,
Қысым бар алда,қыспаққа алма күзімді.
Қуанып ауыл келгенде сені қарсы алды,
Жақсылық сөзден беташар кезде бал тамды.
Киелі болып берілген бата өзіңе,

Күліп бір күттің арайлап атқан ақ таңды.
Әңгіме сөзді шығармай сыртқа үдетпей,
Жүруші едік, тұрушы едік қыл өтпей.
Алысқа кетсем асығып үйге жетемін,
Төлеген болдым,сағынттың мені Жібектей.
Жанымды менің ораса матап от-жалын,
Кетуің сенің оңай да болды-ау қас-қағым.
Өкіндіріп те,қызықтырып та кететін,
Оралмай кетті,қол бұлғап тұр-ау жас шағың.
Тауға да, тасқа жүретін едік бас ұрып,
Тынбайды ісің,жүрген соң ылғи асығып.
Мөлдір көздер мен жәудір көздер үшінқашанда,
Өлетіндей болып жүруші едік асылып.
Қайтейін мұны, өткенді енді жасырып,
Көген көз тұрдың бұрымы білек шашылып,
Әуселе сезім әуірімдеп қалды басылып,
Желіп бір жүрген аяқты мықтап тұсадың.
Қылығың әсем, елітіп алды құшағың.
Кешегі жүрген ақ балтыр ару,аяулым,
Сағымдай семіп көңілден қалай ұшады.
Жалған ба деймін,үзбей-ақ жүрмін күдерді,
Бабы жоқ аттай,оттамай тұрмын жүдеулі.
Асығып қайда аттанып кеттің лезде,
Тізгінің қолда, үздіңде кеттің шідерді.
Кетер кезде сырымды айта алмадым,
Осы болды-ау көңілді қайтарғаным.
Дірілін әлсіз жүрек сездің білем,
Ботадай желідегі жаутаңдадым.
Жаутаңдадым сезімің отты келді,
Сөнбеді үмітімнің шоқты лебі,
Ақ тамақ, айшық келген аршалы төс,
Аңызғақ шөлім болып кептіреді.
Қайрайды қайтпайтұғын қайсарлығың,
Өзіңдей арман жолын айтады кім?
Бір беткей өр мінезің кете барды,
Ұялып қалды менде жайсаңдығың

1994 жыл 20 тамыз

Сендерсіңдер менің сенер қолқанатым

Қалайша құлпыртпаймын Жанарымды,
Үлбіреп соққан желім самалымды.
Болашақ жастарменен жалғасады,
Құптаймын алға қойған талабыңды.

Жанарым ой сезімді талдырмады,
Қобызы безеулейді алдындағы.
Алатау шыңдарына өрле биік,
Қорқыттың толғауындай зор тұлғалы.

Жанарым-Шынарым боп ырғалады,
Естілер құлағыма сырғалы әні.
Биіктен екі жұлдыз жарқыраса,
Ынтығым, бал сезімім нұрланады.

Жанарым, Шынарым да Салтанатым,
Әулеттің ұстап тұрсың махаббатын.
Сендерсің сабақты ине, оймақ түйме,
Сендерсің менің сенер қолғанатым.

1995 жыл

Айзере

Өмір тәтті қуанышқа толды ма,
Ақ көгершін шаңыраққа қонды ма?
Іңгәлаған өріс келді өрнекті
Тәтең сені Айзере деп қойды ма?

Мариядай әнші болар мекенсің,
Шұғыладай биші болар мекенсің?
Айгүл апаң секілденіп арқалы,
Домбырада күйші болар мекенсің?

Әлиядай батыр болар мекенсің,
Фаризадай ақын болар мекенсің?
Ұлы Абайдың әжесіне ұқсаған,
Ұшан-теңіз ақын болар мекенсің?

2004 жыл

Нұрайға

Алаулаған бал бөбек,
Саған деген жан бөлек.
Ақ мамасы қайдасың,
Бесігіне ал бөлеп.

Ақ тілекті сұрайын,
Өмір берсін құдайым.
Тәй-тәй басып жүре ғой,
Сен аман бол Нұрайым.

Бөлей берші күлкіге,
Жаңбыр болып сіркіре.
Қызғалдақтай құлпырып,
Қырға шығып дүркіре.

Өмірімнің бастауы,
Сенсің шыбық жас талы.
Өсе келе боларсың,
Шолпылы қыз шашбаулы.

Шолпылы қыз шашбаулы,
Бола берші мақтаулы.
Саған деген ықылас,
Жүрегімде сақтаулы.

Басқан қадам нық болып,
Жетіле бер мықты боп.
Көпшіліктің тілегі,
Қабыл болсын құтты боп.

Тілеушің боп тұрайын,
Сәуле берсін Күн ,Айым.
Папаң менен мамаңа,
Қолқанат бол Нұрайым!

2004 жыл

Ұланым

Келешегі үстем болған ізгі елде,
Ұландары ғашық болған гүлдерге.
«Ұрпағымен мың жасасын» дегендей,
Бере салған бала ма екен біздерге.

Атасының жалғасы,
Әжесінің алмасы.
Бұлақ көзі ашылды,
Атасының төл басы

Әй-әй, көкем, шие теріп жүр ме екен,
Жүрген жері жұпар шашқан гүл ме екен.
Тай құлындай тебісесің ертең-ақ,
Сенің жолың айналайын, нұрлы екен.

Атасының жалғасы,
Әжесінің алмасы.
Бұлақ көзі ашылды,
Атасының төл басы

Көк жүзінде қалықтасын қыраным,
Қазақ елі туып өскен тұрағың.
Өз еліңді аялай біл, қорғай біл,
Тұсауыңды кесіп бердім Ұланым!

Атасының жалғасы,
Әжесінің алмасы.
Бұлақ көзі ашылды,
Атасының төл басы

Арнау өлеңдері

Ұстаздарға арнау

Мереке көп тойланатын бүгінде,
Ширай түс жастар, бүгілме, қартым, бүгілме.
Өрлеген өрге ұстаздар отыр жадырап,
Ғажап бір сыр бар, қоңыраудай сенің үнінде.

Еңбегің сенің еңселі жұрттың бәрінен,
Мерейің сенің шәкірттер шықса әр үйден.
Бүршігі атып, гүлденіп жатса көгеріп,
Қуаты сол ғой, себілген әрбір дәнәінің.

Шаттықты думан аталып өтсе жөн екен,
Бас қосу білсең, қашпайды әсте берекең.
Жиылған мына, бір қауым үркер ұясы,
Құтты да болсын , ұстаздар күні мерекең.

Қиналма достар, баратын жердің алды шын,
Өткен іс кетер, болашағың алда сын.
Жаманат жаттар аулақ жүр одан әр кезде,
Еңбек ет елге, арқалап алып алғысын!

Ірі бастылар

Осы ұжымда үлкен-кіші дос шығар,
Демеу берер, Зина апай бар, қосшы бар.
Ал, бірақта тойға алғаш баратын,
Ақылгөйлер мына ірі бастылар.

Жақсы сөзді кішілерден ұнатқан,
Көңіліне Гауһарлардай ұнапты ән.
Бара жатыр күннен күнге байсалды,
Қуан біздің әлсіреп тұр құлақтан.

Балдыз көрсе жүрек құрғыр елжіреп,
Уқаларма, құшарлана белді кеп.
Қай-ра-а-н жастық асқарларға жетелеп,
Жазықбайдың қалды-ау шашы селдіреп.

Інілерден ағаларға нұр тамып,
Еңбегіңіз ән болады шырқалып.
Үлкендіктің ұстай алмай тізгінін,
Үкан ағам танытады-ау қиқарлық.

Тұла бойы ағыл-тегіл күш тегі,
Асқазан ба, шаршатты ғой әш тегі.
25-тің жасындағы жігіт-ақ,
Ағарған шаш Жомартымның піскені.

Кей сөздері ойға келер ақыл-ақ,
Пікір қандай, жарып өтер батыл-ақ.
Мейлің завуч, директорың әшейін,
Гауһар апай көрген емес шатынап.

Топ қыздарға көсем болған жол басы,
Табылады сұрай қалса әммасы
Алтын тістен сыбырлаған ән шығар,
Гүлсім ханның өзінше бар жорғасы.

Келе көрме ашуына көлденең,
Тау ешкісі тастан-тасқа желдеген.
Жазықбайдың арманы жоқ бүгінде,
Бақыт сынды баптап отыр көк дөнен.

Мына өмірің аш қылар да ,тоқ қылар,
Қызыл гүлдер көңілімді жас қылар
Ағалардың салған ізін жоғалтпай,
Жүрсек болды Ей , Ірі бастылар.

Таң қалдырған мына талай жастарды,
Шарпып өтсін дуалы сөз маңайды.
Жастарымның келешегі жарқын боп,
Шуақты күн,таңдар атсын арайлы.

29.09.2003 ж

Әбутәліп ағайға

Шәкірттерін түлеткен,
Өн бойына гүл еккен.
Мейрімді адам –ол,
Тебіrentкен жүректен
Ол кім? Ол –Әбекең!

Қиындықтан қашпаған,
Әсте мүлде саспаған.
Жамандықты баспаған,
Дұрыс-ақ-деп, қоштаған
Ол кім? Ол –Әбекең!

Үзілгенді жалғаған,
Шәкірттері таңдаған.
Бүгінгі күні зейнеткер,
Құран жолын оңдаған.
Ол кім? Ол –Әбекең! Аппақ шашы ақылы,
Ұстаздардың жақыны.
Аттан түсіп көрмеген,
Берік әлі тақымы.
Ол кім? Ол –Әбекең!

Қарлығаш апайға

Жақын достар айрылмас,
Елудің іші жәйлі жас.
Мойынқұмнан ұшып кеп,
Қоныстанды Қарлығаш.

Бір өзіңе мың алғыс,
Айтқан сөзде тұрамыз.
Шығармай, «шатақ» жүрме өзі,
Әлгі «біздің Қуаныш».

Сыйлы да болдың елге де,
Бір өзің-мұхит, бір –кеме.
Қазақ тілін шираттың,
Шыдамай тұрсың кермеде.

Жемін сал құрған қармақтың,
Есімің бүгін ардақ тым.
«Боғына» былғанып жата бер,
Марат, Бағдат, Алматың.

№39 «Қызылөзек» орта мектебінің ұстаздарына арналған шумақтары

1. Махмутов Жомартқа

Қырыменен, сырыменен, физиканың ағытты,
Біздер үшін, қанша уақыт, қанша кезең жоғалтты.
Тылсым күшін, дүниенің жұмбағын,
Түсіндірді, ойландырды қанатты.
Ол –бір бапкер, біз –сәйгүлік шабатын,
Суын алды, терін алды, таң асырды жаратты.
Қайда жүрсек аман болып, сәтіменен жолығып,
Ардақты аға, салмақты аға, ұмытпаймыз Жомартты.

2. Бақдәулетов Қуанышқа

Болашаққа үмітпенен, нық сеніммен жетеміз,
Желдей ескен, желбір жеккен біз бір ерке бөкенбіз.
Өмір –дария, білім-мұхит, бір-әлем,
Нар тәуекел, кел тәуекел, жүзермізде өтерміз.
Он бір көктем бағыт берген, бақ берген,
Кешіре гөр, мектеп ана,болса егер қатеміз.
«Әке көрген-оқ жонады» деген сөз бар ежелден,
Қуан ағай асқар таудай әкеміз!

3. Исабеков Үкәнға

Жанарында бір жұмбақ сыр тұрады, нұр тұрады,
Менделеев кестесін жыр қылады, гүл қылады.
Бірдеме іліп кетсін деген оймен,
Ой салып ,шәкірттерге ұмтылады.
Шартарапты шарлатып шаршағанмен,
Әркімнің әр жақта отыр ой-қиялы,
Шаршатқан жоқ ұстазы бұл ғылыммен,

Үкән ағай шаршатты химияны.

Жазықбайға жайлы сөз

Толқыды теңіз ұрмалап келіп жағаға,
Уақыт өтті, балалық шақпен арада.
Ширек бір ғасыр, шиырлап өтіп барады,
Ұстаздық етіп, үйретуменен балаға.

Жаныңды Сенің әлпештеп анаң ұғатын,
«Жамбыл» жағыңнан , күлімдеп күнің шығатын.
Теңізде туып, теңізде өскен сен едің,
Толқындап шашың бұйраланып тұратын

Аралдан соққан мол болад желдің ызғары,
От ауыз сөзің, сөйлеп бір кетсе қызбалы.
Жігіттік шақта сал-сері мінез сүйрелеп,
Бұйырды міні, Қараөзектің дәм-тұзы .

Жігітсің бір кез желбіреп жүрген ақ туың,
Менсінбей кеттің Аралдың аппақ аққуын.
Ән алып жүрсем, тамсанып жүрсем болды деп,
Іліп түстің –ау Қараөзектің Гәккуін.

Алмаға құттықтау

Қашанда жайдарлысың жайрандаған,
Жастық шақ артта қалды сайрандаған.
Кешегі қызық дәурен қол бұлғайды,
Өзіңе мына өмірден алданбаған.

Ағынын өмір өзен сезе алдыңда,
Советтің қиқуына төзе алдыңда.
Отбасын түзу ұстап, ұйыттың сен,
Келін боп түскен кезің көз алдымда.

Советтің ыстық келді отты лебі,
Қайнаған сөнбейтұғын шоқты келді.
Ұлы жүз ошақтыдан ұзатылып,

Келін боп түскен жерің текті келді.

Уақыт зымырайды дамыл таппай,
Жылдарың өте берсін дауыл соқпай.
50-ге сенде келдің бір белеске,
Күндерің арта қалды атқан оқтай.

Өмірге шын көңілмен таза келдің,
Шаңыраққа ұрпақ бердің, маза бердің.
Ұл-қызың мамаласа, енді бір сәт,
Немерең еркелейді, әже болдың.

Әулеттің шығып атар бір күнісің,
Ішінде ұстаздардың бір гүлісің.
Шәкірттер сан тарапқа шықты алдыңнан,
Мектепте атақты әнші Бибігүлсің.

Ақ жарқын , ақ пейілмен танылғансың,
Құдай қосқан Советке таңылғансың.
Тілегі ағайынның қабыл болып,
Құт-береке әкелсін 50 жасың.

09.04.2005 жыл.

Данияр ақсақалдың 80 жылдық мерей тойына

Әш-пүш дегенше келіпте қалдың сексенге,
Заманның небір қиындығын көрсеңде.
Тамырың терең, пәлегің түйнек қоздаған,
Түбіртек жусан, шыға келдің тепсеңге.

Түбіртек жусан, шыға келдің тепсеңге.
Тапталып қалды немістің құлқы өкшенде.
Данияр деген-дамылсыз аққан дария,
Атағың шыққты шет жерде.

Жіберіп көзді зер салсаң заман өткелге,
Балтық бойынан сағыныш хаты жеткенде.
Демалып жылда курортты қоймай барасың,

Көгілдір теңіз, көгілдір шырша, көк белге.

Балдарың шықты Алатау гүлді бөктерге,
Ақ қалпақ қырғыз құдалық құрдың текті елге.
Таңертең елде, түс Алматы,кеш Бішкек,
Ұқсап-ақ тұрсың баяғы заман бектерге.

Той жасап тұрсың қызғалдақ толы көктемде,
Алланың жасын, қайратын, күшін көп көрме.
Әкеңді сыйла белінен шыққан балалар,
Қараөзекте шықпайды екі Данияр ексеңде.

Жақсылық ағамызға (жездемізге)

Сөз айту қиын сенің қай тұсыңа,
Біз көндік, оңды-солды тартысыңа.
Орта жүз өрге сүйреп келе жатыр,
Жігітсің жараулы аттай , алпысыңда!

Өмірдің шыдап келдің тепкісіне,
Мінезің сай келеді»отты ісіңе»,
Алпыстың мініп алып ала айғырын,
Аман бар, ана тұрған жетпісіңе.

Мен саған сөз айтпаймын тексеруге,
Қыз-қырқын ойың бар –ау бөксеруге.
Серілік бір өзіңе жарасады,
Сән-құрып салтанат ет сексеніңде.

Ақ тілек шын пейілден ақтарылды,
Біз балдыз, шарпып өтер от-жалынды.
Сексен бесте сөз бастап отырайын,
Тойлап өт бүкірейіп тоқсаныңды.

Ағайын, дос-жараның болсын аман,
Ұрпаққа шұғылалы болсын заман.
Ар жағын бір алладан өзің сұра,
Па, шіркін, келіп қалдың жүзге таман.

Айша апамызға

Айтайық ұлы адамның тектілігін,
Жетпіске шаршамай-ақ жеттің бүгін.
Сүйген жар, немере мен шөберені,
Аялап, ардақтаумен өтті күнің.

Қиындық, небір өткел тайсалмадың,
Жайулы дастарханың, бал қаймағың.
Бошайға келін болып өркен жайдың,
Ерке өскен бір гүлі едің Наймандардың.

Дәстүрін ата-салтын сақтап келдің,
Ата-ене қасиетін ақтап келдің.
Жоқшылық, таршылықты білдіртпей-ақ,
Мейірім, шуақ күнді жақтап келдің.

Татулық, бірлік болды бар арманың,
Аналық сөздеріңді сараладың.
Бүгінде келіндерің үлгі алады,
Шектен шығып кеткен жоқ балаларың.

Жан ана ерекшесің, дараладық,
Өзіңнің жан дүниеннен жаралғанмын.
Жаратқан бір Аллаға ризамыз,
Жарық күн бір өзіңдей таба алмадым.

Еліңнің анасы боп жасай бергін,
Көркі боп отыра бер Бошай елдің.
Ағайын, құда-жекжат аман болсын,
Күәсі анажаным талай белдің.

Ұрпақты –ұрпақтарға жеткізсін деп,
Салмасын уайым-қайғы тепкісіне.
Мерейің үстем болсын ортамызда,
Жеті ауыз өлең айттық жетпісінде.

Дауылбайға

Өлең сөз осындайда табылмай ма,
Көпшілік бұл сөзімді қабылдай ма,
Тілекті біз айтайық елудегі,
Ағамыз аңқылдаған Дауылбайға.

Мереке құтты болсын тойларыңыз,
Өрдайым орындалсын ойларыңыз.
Бір әйел жалықтырад ағажаным,
Білдіртпей ертелі кеш бой жазыңыз.

Тілейді амандықты інілерің,
Көтеріп еңбегімен білімдерін.
Ағалап үйге келсе арсалаңдап,
Жарқырап күндей болып күлімдедің.

Тілейміз отбасыңның амандығын,
Құдайым бере көрме жамандығын.
Ұл-қыздың, ағайынның ішіндегі,
Сұраймын барлығынан адалдығын.

Тойыңыз тойға ұлассын тамашаға,
Осылай өлең айтсам жараса ма
Бір алып қойсақ егер стаканнан
Бізбенен баз біреулер таласа ма.

Күлмекке әзіл сөзім ашылады,
Мауқым өлең айтсам басылады.
Батасы үлкендердің қабыл болып,
Суындай Ніл дария толы кәні.

Жібекке

Нағашым, мен іздеген Жібек пе еді,
Ешқашан жиендерін жүдетпеді.
Нағашым ұрысса да сол қалпым,
Шыққан жер көңілімді жүдетпеді.

Қол боста, келіп-кетіп амандастық,
Сөз бұрды бір өзіңе қаламдастық.
Мектепте үшеуінің бәрі бүтін,
Өзара ағаласып, сөз алмастық.

Бозымбай, Жомарт інің арқасында,
Ұрысып, арамдыққа барасың ба?
Жеңеше, нағашы боп бір өзіме,
Сыйласып ел алдында қаласың баа?

Алдағы туған күнің құтты болсын,
Денсаулық, екі бала мықты болсын.
Шытпай-ақ қабағыңды өмір сүрсек,
Істеген абзал ісің нықты болсын.

Шырынға

Қуаныш көп болсыншы қарсы алатын,
Сүйсініп құрбы-құрдас тамсанатын.
Тойларың қабаттасып болып жатыр,
Құтты болсын Елуің салтанатың.

Демеймін еш уақытта қате бізде,
Ел-халқың берген еді бата Сізге.
Еліктің лағындай торға түскен,
Елітіп, еркеледің Тәтемізге.

Биледің келе сала жанұяны,
Тәтемізде іштен тынып сағынады.
Олжалап сағыныштан таптың міне,
Ерлан, Руслан мен Әлияны.

Үлгі етіп салт-дәстүрді ерінбедің,
Өйткені сен Тәтеме сенімді едің.
Немерең әжелесе бір жасайсың,
Өзіңе ұқсап қалған келіндерің.

Өткіздің жастық шақтың белестерін,
Асып өт мына өмірдің белестерін.
Күлжамал, Макат, Сара апаларың,
Тыңдадың талай айтқан кеңестерін.

Ұста тіл, шешен сөзді қайымдадың,
Қонаққа дастарханды дайындадың.
Кейде тарпаң мінез танытасың,
Сөз айтса құлақ салып қайындарың.

Ішінде жеңгелердің сыр талым ең,
Өзіңе елуіңде жыр тағып ем.
Алланың берген жасы қуат берсін.
Мың жаса, салтанат құр ұрпағыңмен.

6.05.2003 жыл

Жамалға

Сәуір айы самаладай шуақты,
Он үшінде гүлге оранып, күн атты.
Рахима өмірге әкеп қыз баланы,
Ағайыннан сүйіншілер сұратты.

Еркем қылды, еркелетіп жүректі,
Жылжып мына күн артынан күн өтті.
Таратылып бой да жетті бұралып,
Ақ сүйріктей аппақ ару білекті.

Бауырларға көп қуаныш ап келді,
Сүріндірді көздің нұрын ап белі.
Сөйткен Жамал машинаға мінем деп,
Ғашығына Ғаниына тап келді.

Сөйле тілім жақсылықты сөз етші,
Батаменен көгереді демекші.
Бәйтерек боп өсуіне қос ғашық,
Қатарлары болды емлене себепші.

Махаббаттар от маздатты көңілге,
Күш –жігерді мінгестіріп сенімге.
Базары мен ажары боп әулеттің,
Бақытжандай ұлда келді өмірге.

Сол Жамалың келіп қапты елуге,
Уақыт шңркін, алдамшы екен сенуге.
Лағыл, Мағжан қос моншағы мойнында,
Әже, аталап соңдарынан еруде.

Бір кездегі ару Жамал, ақ білек,
Немереге отыр міне бақ тілеп.
Елу жасың еселенсін еңкеймей,
Бақытты бол бізден сізге ақ тілек.

Өмір өткел талдық па да, шаршама,
Үлкен үйсің ағайынға, ортаға.
Немере мен шөберелер аймалап,
Дәу әже боп жүре бергін баршаға.

Әминаға

Сөз түспей уысыма қиналамын,
Табылды ма менің де сыйлы адамым.
Өмірден қол ұстасып өтсек болар,
Ойымды дәл осылай ұйғарамын.

Ойымды дәл осылай ұйғарамын,
Ілгері болса болды бір қадамым.
Қиындық артта қалып ұмыт болса,
Құт бойыңа сен үшін жинағаным.

Тіршілік зулап өтер, қарады ма?

Тазамын өзім бірақ ар алдында.
Достардың, ағайынның арқасында,
Көріндім өзгешелеу топ алдында.

Мұқатты өмір шіркін, сүріндірді,
Ой ойлап, ақ жүрекке кірбің кірді.
Аққуың айдыныңда жүзбеген соң,
Неше соң сөз бұйдаға іліндірді.

Тартылып, тамыр кеуіп бара жатыр,
Қарбанған жан-жағыңа қарамапты.
Ой жүйрік, ұшқыр-қиял жетеледі,
Сүрінген сол тұлпарды тағалатты.

Сүрінген сол тұлпарды тағалатты,
Әмина кез болдың сен самал бақты.
Құдайым екеумізге тілеулес боп,
Бермесін басымазға жаманатты.

Мен танысам сен менің бақытымсың,
Өлең болып құйылар ақынымсың.
Баяғының Жібегі, Баянысың,
Өзің болдың ендігі таянышым.

Гүлбаршыны, Құртқасы осы батырлардың,
Сүйеу болды тіліне ақындардың.
Ал, Әмина, сен менің жан-жарым боп,
Қол ұстасып жүресің ардағым боп.

Ардағым боп жүресің, арманым көп,
Ешкімнің табасына қалғаным жоқ.
Аққу ұшар, біз шалқар жол іздейік,
Қиянатын ешкімнің алғаным жоқ.

Жүрейік күліп-ойнап дос қасында,
Сынасаң мені жаным, топта сына.
Еркектің әйел туы деген сөз бар,
Желбіреп тұрсаң болды отбасымда.

Серік пенен Бисенге

Жерім жоқ бүгін менің жалтаратын,
Қалықтап тұрып алды ән қанатым.
Он бес жыл үй болғаның құтты болсын,
Жарасып тұр, мінекей, салтанатың.

Жарасып тұр, мінекей, салтанатың,
Құшақ кең өздеріңді қарсы алатын.
Қырық жас, қырдан өтіп, шыңға жетсін,
Болсыншы ел-халқың тамсанатын.

Бастадың қуанышпен ғасырыңды,
Сал Серік тауып алдың асылыңды.
Заман мынау төкпелі, аунап тұрған,
Үркітіп ала көрме ғашығыңды.

Жас шыбық көктем шықса егілуде,
Бүршігі көз тартады көрінуге.
Жүрегін сыздатпашы ақ келінім,
Серік боп жүре берші Серігіме.

Кең жайып қарсы алыңдар алақандарыңды,
Арайлап нұрын төксін дала таңдарыңды.
Жолдас боп қыдыр ата өздеріңе,
Төрт бірдей өсіре бер балапандарыңды.

Ғанибайдың 40 жасына

Ағайын-жегжаттарың бар қасыңда,
Осы той сыйластықтың арқасында.
Кешегі өтіп кеткен күндерді айтсам,
Аймалап, арқалаған қалқасың ба?

Туыстық, сыйластықты көркейт бүгін,
Естеймін балалардың шаттық үнін.
Қырықтың қиясына шықтың бүгін,
Дегенмен көз алдымда «тентектігің».

Кезекпен міне қазір сөз алдым ба?
Өткен күн бүгінгідей көз алдымда.
Әкемнің шаңырағы бір түтін боп,
Үй болдың, ер тұлғалы өз алдыңа.

Сөздерді мен айтамын мәні кетпей,
Құтты болсын қырық жас сәні кепті-ей.
Аруақ желеп жүрсін бабаларың,
Батыры Оразайдың Қазыбектей.

Періште тілектесің қасыңа ерсін,
Сұлулар ер жігітке қасын керсін.
Тілегі бұл папаңның ағыл-тегіл,
Ата-бабам жасаған жасын берсін.

Ленаға

Мақсатына ұстаздарсыз жетпек кім?
Шәкірттерді тәрбиелеп көктеттің.
Өзің бастап Лена апай апардың,
Канадаға аты шықты мектептің.

Бастап жүрсің тәрбиенің үлгісін
Байқалады шаршамайтын тың күшің.
Қарапайым жарасып тұр бүгінде,
Ортасында шәкірттердің жүргенің.

Бозымбай Қоқыбасұлының әндері

Гүл өмір (әнімен)

Алып таулар, асқақ таулар мұнарлы,
Асыл таулар, жасыл таулар шынарлы.
Жабырқаған көңілдерді жасартып,
Шөліркеген қандырдың бір құмарды.

Мөлдір теңіз, сырбаз теңіз көгілдір,
Жаға жайды толқыныңмен көмілдір.
Сен де гүл бар, мен де сыр бар таусылмас,
Сен де жыр бар, мен де мұң бар-өмір бір.

Орман біткен жағадағы тымырсық,
Теңіз жатыр толғақ қысып ыңырсып.
Қолаң шашын бұрап тастап иыққа,
Бір сұлу тұр қарсы алдымда қылымсып.

Қайдан келдің, неғып жүрсің адасып,
Деп сұраймын қатар жүріп жанасып.
Қарындас-деп, айта алмадым мен оны,
Балдыз болып шыға келді жарасып.

1985 жыл

Сегіз қырлы (әнімен)

Мен шопанмын қойды баққан әндеткен,
Еңбекпенен маңдайымды терлеткен.
Мен жылқышы құрығым бар қолымда,
Ізім жатыр ізгіліктің жолында.

Мен күрішші егін еккен атызға,
Үн қосамын ұлы дүбір қарқынға.
Мен тәлімгер тіл үйреткен темірге,
Жаңалықты ашып берген өмірге.

Мен әншімін өлеңнен бал тамызған,
Шыңырау терең ән жырларын ағызған.
Мен ақынмын жырлап өтем салтымды,
Қошеметке бөлеп келем халқымды.

Мен дәрігер ажалменен алысқан,
Тәтті өмірмен мейірлене табысқан.
Мен өмірдің жыршысымын толғанған,
Мен емеспін бұл өмірден құр қалған

1966 жыл

Поэмалары

Періштелердің дауы (поэма)

Ертеде сонау патша заманында,
Адамдар жауап берген ар алдында.
Істеген күнәларын жуайын деп,
Жолаушы келе жатты таң алдында.

Бұл өзі кісі өлтірген жауыз еді,
Мойнына құтылмастай қарыз енді.
Меккеге құлшылығын ұрып қайту,
Ниет қып шығып еді жалғыз өзі.

«Кезінде сілтеп едім ақ алмасты,
Жазықсыз алып едім талай басты.
Құдайым кешіре ме бұл ісімді»-
Деді де, бір молдаға амандасты.

«Ой , малғұн, тоқсан тоғыз күнәң бар-ды,
Көзіңнен арамдық ой бұлаңдады.
Тағы да Меккеге барам дейсің өзің,
Кет, жоғал!
Ыластама бір Алланы».

Мына сөз шымбайына қатты батты,
Жиып ап күш –қуатын отты шашты.
«Ендеше сеніменен жүз болсын» -деп,
Молданың тұра берген басын шапты.

Бағыты Мекке болды бет түзеген,
Жөн сұрамай келеді ешбір елден.
«Алды жөн,арты соқпақ» істері бар,
Жауыздық істегені ес білгеннен.

Жол азап,шаршатадыталықсырды,
Мақсатын сөнетұғын анық білді.
Бас жағын құбылаға ыңғайлады,
Сөйткенше кеудесінен жан ышқынды.

II бөлім

Періште екі бірдей таласады,
Әр сөзі өздеріне жарасады.
Бірі-дозақ, екіншісі-
Пейішке апарам деп ,жармасады.

Айтысқа Қызыр ата кезігеді,
Төрелік айтатұғын кезі келді.
Үнімен құлағыма белгі берген,
Боларын бір жұмыстың сезіп еді.

«Несіне бір-біріңе қасарасың,
Өлшендер екі жақтың босағасын.
Қай жағы жақын болса сол жеңеді,
Айырып көріңдерші екі арасын»

Деді де кете барды Қызыр ата,
Болмаған сөздерінде ешбір қата.
Шапаны желдей есіп желбірейді,
Сөздері періштеге болды бата.

Екеуі екі жаққа алып ұшты,
Білуге құмартады анық істі.
Алланың жұмысына шара бар ма,
Қайтсін-ай періште де жалынышты.

Жұмғанша көзді ашып өлшенеді,
Дүлдүл боп жаңбырлатып тер төгеді.
Жақын боп Мекке тағы жатыр екен,
Жетпекші болған екен ертең енді.

Пейіштің періштесі күлім қақты,
Таласқан досын енді қырындатты.
Шариғат жолыменен жүрер болсақ,
Дін мен діл ырым қатты.

III бөлім

Ниетін, ықыласын қабыл етті,
Дозақтан жолаушыны алып өтті.
Күнәсін мойындаған тазарады,
Кәусарға шомылдырып малып өтті.

О, пендем, болмашыға таласпағын,
Біреуге өміріңді қаратпағын.
Адал бол, иманды бол, қайырымды,
Тілеп жат сәулеленіп таң атқанын.

Арлан мен жігіт

(поэма)

Шопан жігіт қыс қыстаудан аттанды,
Өңірдегі бір жан еді мақтаулы.
Жайлау сонау қызыл қақта белгілі,
Несібесі тұрған шығар сақтаулы.

Қой қоралас, іргелі ауыл көшті енді,
Қызғалдақтар ырғалады кестелі.
Шым-шым батып Арқа жақтан керіліп,
Құралайдың қоңыр желі есті енді.

Жарқабақтың ығына кеп тоқтады,
Жер шұрайлы, жусан, изен от барі.
Қой қоздатқан таныс жерлер ыстық-ақ,
Өзі жүрген ойға түсті соқпағы

Биыл көктем төл алуға жайлы екен,
Қызыл қағым сенен артық қай мекен?
-Деді дағы шопан жігіт түсті аттан,
Қора-қопсы, үй-жарағы сайлы екен.

Қой қоздады мәре-сәре бәрі де,
Көшілесі қоныстанды әріге.
Алған серттен шығатұғын ойы бар,
Жайлау түрі құлпырып тұр сәніне.

Шілік бұғып, қарақұстан ұшты құр,
Бәз-баяғы жатыр сұлап мұңды қыр.
Сол бір көктем мекендеге бұл жайды,
Ұялады арланымен бір қасқыр.

Күшіктеді ,ойнақтады жем іздеп,
Бөлтіріктер сүтке қанды негіздеп.
Ендігі жер арланның бір ойы,
Қозы әкеліп, ойнатпақшы жегізбек.

Кешкіғұрым қой қораны аңдыды,
Шаршап келген шопан жігіт қалғыды.
Сол сәт екен олжалады бір қозы,
Тістеледі ауызданды тарғылы.

Ертеңіне жігіт мұны аңғарды,
Ісіне бұл арланның таң қалды.
Тіс жармады, сабыр сақтап тиіспей,
Шұрппіге бармай қалды бармағы.

Күндер өтті арлан жүрді жасырын,
Тиіспеуге шақырды енді қаншығын.
Ер жігіттің мына ісіне ойланып
Арлан тұрды жатқан жерден асығып.

Жорытады көрші ауылға кешкілік,
Жатсадағы иттер даусы естіліп.
Айбаты мен қайратына сенген соң,
Бір қозыны арқалады кетті іліп.

Сөнбепті әлі шопан жігіт ошағы,
Күйсеп жатыр тойынғаннан отары.
Еппен басып, иті болып маңайдың ,
Қарызына бір қозыны қосады.

